

АҚИҚАТ ТАҢЫ 1/2007



Жаңа жылда

жаңа жүрек пен жаңа бақыт, тыныштық тілейміз!

Екі мың жылдан бері Исаға сенушілер Тәңірдің туған күнін атап келе жатыр. Біздің заманымызға дейінгі 700 жылы айтылып кеткен пайғамбарлық орындалып, жер етіне Құтқарушы келді! Адам баласына мәңгілік өмір беруші келді! Жер жаралмас бұрын бар болған Тәңір тіріліп, күнәкарларды тозақтан құтқару үшін келді!

Құдай Өз Ұлын аспаннан жіберіп, біз сияқты күнәкарлардың құтқарылуын қалады. Тәңірдің Өзі турасында былай дегені бар: «Онда Әкемнің Өзі ерекше тағайындап, дүниеге жіберген Мен «Құдайдың рухани Ұлымын» десем, қалайша «Құдайды қорладың» деп айта аласыңдар? (Жохан 10:36).

Әкесімен сөйлескен Иса: «Құрбандықтар мен сый-тартуларды қаламадың,

Бірақ Сен Маған тәндік денемді дайындадың» (Евр. 10:5) деген. Демек, Оның жер бетіне адам болып келуі Құдайдың қалауымен болған. Біздің барлық күнәларымызды Өзінің денесінде алып кету үшін, Құдай адам болып жерге келген. Барлық күнәларды: жек көруді, алдауды, арандатушылықты, ұрлықты, бұзақылықты, кісі өлтіруді, жаман жолдарға берілгендікті! Бәрін! Бәрін!

Тәңір сен үшін, мен үшін келген! Ол – жалғыз Құтқарушы! Ол – жүрегі жараланып, бұл дүниеден сүйіспеншілік таппай қиналғандардың Тәңірі! Ол – жанына тыныштық іздеп, қайғырғандардың Тәңірі! Ол – осы кең дүниеде жалғыз қалып, жек көруге ... Тәңірі! Ол – басқалардан қорлық көріп, жүзін жасымен жуғандардың Тәңірі! Ол – сүйіспеншілік беруші! Ол – тыныштық сыйлаушы! Ол – жаратушы! Ол сенің Тәңірің! Тәңірде сен қалаған тыныштық, сүйіспеншілік, мейірім, күнәнді кешіріп, естімей тұрған рақым бар! Ол сенің Құтқарушың! Ол сен үшін жер бетіне нәресте болып жаралып, сені құтқару үшін келген!

«Бүгін Дәуіттің қаласында сенің Құтқарушың тірілді. Ол – Тәңір Мәсіх» деген періштенің үні бұдан 2004 жыл бұрын сен үшін сүйінші хабар болып жар салынған. Сонда адам баласына Құтқарушы келгенін хабарлаған періштелермен бірге аспан әскерлері көрініп, Тәңірді даңқтаған: «Аспандағы Құдайға даңқ! Жер үстінде Құдайға жаққан адамдар арасында тыныштық болсын!»

Келіңіздер, бүгін Оны даңқтайық! Барлық жақсы сөздерімізді Оған арнап, Оны даңқтайық! Ең негізгісі, Оған жүрегімізді ашып, Оның сүйіспеншілігіне, тыныштығына, рақымына кенелейік!

ҚҰДАЙҒА БЕТ БҰРУ

Сонымен жігіт әкесіне баруға жолға шығады. Лұқа 15:20а

Біз Құдаймен жарасуға және мәңгі бақыттылыққа апаратын жолды немесе басқа сөздермен айтқанда, құтқарылу жолын адасқан ұлды мысалға келтіре отырып, зерттеп көрдік. Біз “ояныш” (“Ол өзіне-өзі келді немесе ақылға келді”) туралы, “тәубеге келу” (“Мен күнә жасап келдім”) туралы естідік. Енді тағы да бір өте маңызды нәрсе туралы айтудың сәті келіп тұр, ол: бет бұру.

Мен осы сөздің көп адамдарға ұнамайтынын жақсы білемін. Құдай Патшалығына біртіндеп жетілу жолымен кіруге болады деп есептейтін мәсіхшілер жетіп жатыр. Бірақ олар адамзаттың қаншалықты тереңге құлдырағанын түсінбейді. Иеміз Исаға үзілді-кесілді бет бұрудан қашатын адам көздеген мақсатына ешқашан да жете алмайды. Бұл адасқан ұлдың үлгісінде көрініп тұр. Ол сол бөтен елде өзінің діндар күйінде қалып, сол жерде-ақ қауымға барып немесе өзінің шошқаларының қасында-ақ сиыну мәжілісін өткізе беруіне болар еді. Бірақ, бұл қандай пайда әкелер еді? Ешқандай! Жок! Ол әкесіне оралуға тиіс болды.

Құдайға қарай

бет бұрмайынша, біздің өз әрекетімізден ештеңе шықпайды.

Жолға шығады...

Шошқаларын тастап, үйіне қарай бет алған осы адамды жақынырақ қарастырайық.

Оның әкесіне және сол үйдегі мал-мүлікке деген құқығы бар ма? Жоқ! Ол өзінің жеңіл жүрістілігінің салдарынан бәрінен айрылған еді. Сіз осы бейшараға қарап көріңізші! Әкесі оны молынан жарылқады. Бірақ ол ешқашан “рақмет” айтқан емес. Ол әкесінің сүйіспеншілігін аяққа басты. Ол әкесінің сөздеріне құлақ аспады. Әкесінің нұсқаулары оған тым ауыр болды, сондықтан оларды иығынан алып тастады. Ол жүзін әкесінен теріс бұрып, өз бетінше өмір сүрмек болды. Жоқ, оның әкесінде еш ақысы қалған жоқ еді.

Бірақ дәл осы жағдай менің де, сенің де өмірбаяңыңа ұқсас емес пе?

Құдай бізді молынан жарылқады. Ол бізге денсаулық пен өмір, ас-су, ата-ана және достар, жаңбыр мен күн, көз қуантарлық мыңдаған гүлдер мен басқа да толып жатқан игіліктерін берді. Біздің жүрегіміз Оған деген алғысқа толып көрді ме? Біз Оның сүйіспеншілігін мың мәрте аяқ асты етпедік пе? Оның өсиеттері бізге тым ауыр болды емес пе? Біз олардың

қаншамасын бұздық? Оның Сөзі бізді жалықтырды. Оны орындап, сол бойынша өмір сүрудің орнына, біз оны сынаққа алдық.

Кейбіреулер, егер адамдар ақыр соңында Құдайға бет бұрса, әйтеуір келді-ау деп қуану керек деп ойлайды. Жок! Құдай тіптен қуануға тиіс емес! Біздің Құдайда қалған ешбір ақымыз жоқ. Егер біреу Оған бет бұрса, ол бұнысын тек Оның рақымына үміттенгендіктен ғана жасайды.

“Сонымен жігіт әкесіне баруға жолға шығады”. Оның үйге оралуға қақысы жоқ. Сонда да болса, ол үйіне орала алады. Әйткені ол – сол үйдің ұлы. Мейлі ол жаман болсын, адасқан ұл болсын, бірақ ол “ұл”. Бұл оған қайтадан оралуға батылдық береді. әкесінен қаншалық ұзап, еншісін жезөкшелерге шашып, ысырап етсе де, ол ұл болып қала берді. Оның есіне осы түсті. Сондықтан да оның үйге оралуға батылы барды.

Бізбендежағдайдәлсөлай. Біздің әрқайсымызбен Құдайдың арасында құпия байланыс бар. Адам қандай оңбаған, имансыз және зұлым болмасын, тіпті Құдай жоқ деп, Оны мазақ етсін, бәрібір ол Құдайдың жаратылысы болып қала береді және ол үшін де төгілген Иса Мәсіхтің қаны оны Жаратқан Иемен байланыстырады.

Сен Құдайдың жоспары бойынша жаратылған пендесің және Ол саған бола Исаны өлімге қиды. Сондықтан сенің Оған бет

бұруға хұқығың бар.

Тұрып, жолға шықты
Бұл жерде біз бір маңызды нәрсеге назар аударуымыз керек. Адасқан ұл осыдан бұрын да жолға шыққан болатын, анығырақ айтсақ, ол сапарын әкесінің үйінен кеткен кезде-ақ бастаған. Және сол кезде шешім қабылдап, оны іске асырудың арасында қандай да бір уақыт өткенін көрдік.

Бұл жолы бәрі басқаша болды. Бұл жолы бәрі бір-ақ сәтте шешілді. “Қой, жолға шығайын, әкеме барайын” – деп шешті де, дереу “Тұрып, жолға шықты”.

Бұл да өте маңызды қадам. Егер сен тірі Құдайға бет бұрғын келсе, онда оны бүгін істе. Құдайға бет бұру бірден болады, не ешқашан да болмайды.

Мен бұны бекерден-бекер айтып тұрғам жоқ. Оған салмақты себептер бар. Құдайдың Киелі Рухы бізді шақырып, ескертсе ғана бет бұра аламыз. Егер осындай үндеу болса, оған тез еру керек. әйтпесе, сенімен Есаумен болғандай жағдай болады. Ол оңтайлы сәтті жіберіп алды. Кейін қайтадан тұңғыштықты қалаған кезде, Құдай онысын қабыл алмады.

Ілі Александр туралы бір қызық әңгіме бар. Қандай да бір қаланы қоршағанда ол от тұтатады екен. Егер от жанып жатқан мезгілде, қала берілсе, ол қалаға құрмет пен рақым көрсететін болған. Ал егер от өшіп біткенше, қала берілмесе,

онда ешқандай рақым күтуге болмайтын, ол бәрін қиратып, қырып-жоятын.

Дәл солай Құдай да бізге рақымшылық отын тұтатты. Сол от жанып тұрғанда, біз орнымыздан тұрып, Құтқарушыға баруымыз керек. Кеш қалсақ, Құдайдың қаһарына ұшырап, қиямет күні сотталамыз.

“Тұрып, жолға шықты”. “Ал шошқалармен не болды?” деген сұрақ мені талай мазалады. Иә, бірақ ол маңызды емес қой! Кім Құдайға бет бұрғысы келсе, алдымен шайтанға “өзінің кететінін” хабарлап, онымен саудаласып жатуға тиіс емес. Әйтпесе, бұрынғы өміріңнен ешқашан азат болмайсың. “Тұрып, жолға шықты”. Ол өзімен бірге не алды? Ол бет бұрған әркімнің өзімен бірге алатын нәрсесі: өзінің жалба-жұлба киімдерін алды. Ол сәнденіп киініп жатпады. Сәнді киімді оған кейінірек әкесі кигізді. Кім бет бұрғысы келсе, өзі қандай болса, сол күйінде: барлық күнәларымен, кемшіліктерімен, шүбәларымен, сенбеушілігімен келуі керек және солай істеуге тиіс. Саған жетіспейтінді кейін әкең өзі береді. Құдайдың рақымына берілуге батылы барған адам толықтай батылдықпен, күнәарларды Құтқарушының құшағына өзі қандай болса сол күйінде енуі керек.

Ол Құтқарушының алдына күнәның салдарынан әбден ластанған ар-ұжданымен барды. Біздің ар-ұжданымыз Құдайбізді Исаға бола кешіргенде ғана тазарып, күнәдан азат болады.


Ол өзімен бірге әкесіне деген зор сенімін ала шықты. “әкемнің сүйіспеншілігін аяққа бассам да, ол мені қумайды”. Осындай сенім болмаса, Исаға бет бұру мүмкін емес.

...әкесіне баруға...

Ең маңыздысы осы! Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде мен көп шабуылдарға қатыстым. Бастапқыда бәрі керемет болды. Бірақ, Верден мен Парижді жаулап алу мақсатымызға қол жеткізе алмай-ақ кеттік.

Бұндай тұйыққа тірелген шабуылдар рухани өмірде де болады. Осыдан көп жылдар бұрын маған бір жас жігіт келіп: “Менің өмірім өзгеру керек” – деді. Ол әлі бұрынғы қалпында, оның өмірі өзгеруі тиіс. Ол тек бақташыға дейін ғана жетті. Бұл сәтсіз шабуыл. Кейбіреулер тек қауымға дейін ғана жетеді. Кейбіреулер шешім қабылдауға дейін жетеді. Кейбіреулердің тек жандары ғана тебіренеді. Кейбіреулер мәсіхшілердің қағидаларына дейін жетеді. Бұлардың бәрі де тұйыққа тірелген шабуылдар!

“Ол әкесіне келді”. Күнәар өліден, қайта тірілген



тірі Құтқарушыға келуі керек. Франкфурт деген қалада бұл Штайнхаузен шебердің қолымен бейнеленген. Онда әкенің бейнесі Исаға ұқсайды. Адамның ұлы оның құшағына құлаған. Құтқарушы оның алба-жұлба киімінің үстіне өз сүйіспеншілігінің алқызыл шапанын жапқан. Осындай күйді басынан кешкен адам бақытты!



Шын жүректен

қызмет етіңдер!



... Оның сендер үшін жасаған зор кереметтерін есте тұтып, Жаратқан Иені терең қастерлеп, шын жүректен Оған қызмет етіңдер!
1Патш. 12:24

Үстіміздегі жылдың қараша айында Алматы қаласында жессенбілік мектеп мұғалімдеріне арналған мәсіхшілер семинары өтті. Үш күнге созылған бұл тәжірибе алмасуға Қырғызстаннан және Қазақстанның барлық облыстарынан үлкен-жас демей, жерінің шалғайлығына да қарамастан, балалар арасында Құдай сөзін жеткізгісі келетін бауырлар жиналды. “Шын жүректен қызмет етіңдер!” деген тақырыпты өзек еткен бұл семинардың сенуші бауырларға айтар аманаты мынау болғандай: “Қорықпаңдар! Сендер расында да жамандық жасадыңдар, алайда бұдан былай Жаратқан Иеден бас тартпаңдар! Керісінше, Жаратқан Иеге шын жүректен мойынсұнып, қызмет етіңдер!” 1Патш. 12:20.

Таңертеңгі сағат 10-да басталған семинар балалардың Құдайды мадақтайтын көңілді ән-жырымен ашылып, одан әрі уағыздармен, тәлімгерлердің әдіс-тәсіл бөлісулерімен, қолөнер үйреніп, жаңа әндер айтумен өз жалғасын тапты. Мұнда келгендер балалар арасында Құдайдың Сөзін қалай жеткізу керектігі жайында, жалпы жексенбілік мектептің мұғалімі қандай болуы керегі туралы, т.б. көптеген тәлім аларлық іс-тәжірибелер мен уағыздарды тыңдады. “Балалармен жұмыс істеу үшін ең алдымен ұстазға сүйіспеншілік керек”, — дейді Ғалым бауырымыз. — Конституция бойынша адамдардың тең құқықтары бар, ал іс жүзінде тең емес. Міне, осы Ата заңымыздың орындалмауының өзі сүйіспеншіліктің жоғына дәлел. Бірақ Киелі жазба былай дейді: Бауырластар, Құдай сендерді еркіндікке шақырады. Бірақ еркіндікті күнәкар құмарлықтарыңды қанағатандыру үшін теріс пайдаланбаңдар, қайта бір-біріңе сүйіспеншілікпен қызмет етіңдер! Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!” (Ғалат. 5:13, 14). Осы аяттарда айтылғандай, мәсіхшілер бір-біріне сүйіспеншілікпен қызмет етулері керек. Біз Мәсіхке келгенге дейін өз “менімізге” қызмет еттік: бәрінен әдемі болғымыз келді, дәрежемізді көтеріп, биік мансапқа қол создық. Ал Киелі кітап мұның бәрін сызып тастайды да: “Өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағыны да солай сүй” деп үйретеді. Пенде болған соң, біз

адамды таңдаймыз, ал Құдай барлық адам баласын бірдей сүйеді. Оның сүйіспеншілігі біріне аз, біріне мол емес.

Әр адамның өзіне тән мінез-құлқы, ой-ниеті бар. Біз әрқайсымыз жеке тұлға болсақ та, Құдайға келгеннен кейін сол мінез-құлқымыз бір арнаға түседі. Сондай-ақ Құдай әр адамға дарын да сыйлаған. Біз сол дарындарды пайдалана отырып, Оған шын жүректен қызмет етуіміз керек. “Мен дарындымын” деп көкірек көтеру жөн емес, өйткені Құдай тәкаппарларды жек көреді, ал кішіпейілділерге рақымын шашады. сондықтан да балалармен қызмет ететін ұстаз кішіпейіл болғаны абзал.

Жексенбілік мектептің мұғалімі қауым мүшесі болуы тиіс. Әрбір дене мүшесі белгілі бір қызметті жақсы атқарады, мысалы: мұрын – иіс сезеді, көз – көреді, т. б. Сол сияқты, қауым мүшесі де өз қызметін адал атқаруы тиіс. Өйткені қауым Исаның денесі болса, біз Оның мүшелері ретінде қызметімізді орындауды ұмытпайық. Сол қызметіміздің басты негізі сүйіспеншілік болуы керек. Естуімізше, көп адамдар Құдаймен келісімшартқа тұрады. Мысалы, хал үстінде жатқан баласының қасында отырған мәсіхші әке былай деп сиынады: “Құдайым, егер осы ұлымды аман-есен сауықтырып, ажал тырнағынан алып қалатын болсаң, мен Саған ендігі қалған өмірімді толықтай арнаймын”. Бұлай ету теріс түсінік. Жаратушы Иемен келісімшартқа отыратындай біз кімбіз? Ол – аспанда, біз жердеміз. Сондықтан да әр сөзімізге абай болайық. Құдай бізді қызмет ет деп күштемейді, сүйіспеншілік көрсет дейді. Ол адамдарға таңдау еркін берген. Адам пейіш бағында сынақтан өте алмай, жарамсыз болды. Қанша лайықсыз болсақ та, Құдай бізді бәрібір сүйді.

Әкем, шешем мәсіхшілер еді, мен де солардың жолын қуамын деп мәсіхші болу немесе біреуге ұнау үшін Құдайға келу де теріс нәрсе. Құдай бізді көп қызмет істегеніміз үшін жақсы көрмейді. Біз Оның сүйіспеншілігін азайтып не көбейте алмаймыз. Мысалы, бір миллиард адам аяқ киім сүртуші балаға аяқ киімін тазалағаны үшін 5 миллиард теңге берген екен. Бұл бала енді сол аяқ киімді қанша жақсылап сүртсе де, сол ақшаның құнын өтей алмайды. Оған тек байдың мейірімі түсті де, ақша бере салды. Міне, біз де Құдай алдында дәл осы баладаймыз.

Ғалаттықтарға арналған хатта: “Сүйіспеншілікпен әрекет етіңдер” (5:6) делінген. Сондықтан да жексенбілік мектептің ұстазы балаларды сүйіп, оларға Ізгі хабарды ізгі етіп жеткізуі керек. Және ұстаз балаға бала деп қарамай, оған болашақ бақташы, әкім, т.б. ретінде қарап, Құдайдың сөзін жүректен жүрекке құюы тиіс. Сөз соңында менің айтарым: “Шын жүректен қызмет етіңіздер!” Құдайдың батасы жауа берсін! Аумин.

Мен 1995 жылдан бері мәсіхшілік лагерьде балалармен қызмет

етемін. Өз тәжірибемді сіздермен бөліссем деймін: Меніңше, лагерьге келген бала ең бастысы – Құдайдың Сөзін тыңдап, тәрбиеленеді. Әсіресе сенбеуші отбасының балалары үшін Ізгі хабар таратудың зор мүмкіндігі туады. Олар бұл жерде тек ойнап-күліп қана қоймай, әдепті болуды, сиынуды үйренеді. Жүз рет естігеннен гөрі бір рет көрген жақсы ғой.


Лагерьдің тағы бір құндылығы – тәубе алған балалар бұл жерде рухани өседі. Өзімен араласып, қарым-қатынас жасайтын адамдар табады. Алайда, қымбатты тәрбиешілер, сіздерге мына нәрсені мықтап ескертемін: бірде тәубе ағысы келген балаға жексенбілік мектептің мұғалімі: “лагерьге барғанда аласың” депті. Бұл – үлкен қате. Сондықтан да баланың баланың бетін қақпай, аяғымызды асығыс басып, жаңылысудан сақ болайық.

Лагерьдің өтер орнын алдын ала таңдап, оның мәсіхшілік лагерь екенін баланың ата-анасына айту – біздің міндетіміз. Лагерь деген соң сенбеуші ата-ана баласын алаңсыз жібере алады. Ал егер қауымға не жексенбілік мектепке деп шақырсақ, онда ата-анасы көршісінен немесе өзге де біреулерден ұялып, баласын жіберуден бас тартады. Кей ата-ана балаларына: “Лагерьге сені жіберемін, бірақ сен олардың айтқан сөздеріне еш көңіл бөлме”, – деп үйретіп жібереді. Алайда бір апта бойы Мәсіхтің сүйіспеншілігін көріп, тәрбие алған балалардың бірі: “Қандай қағазға қол қою керек, көрсетіңізші, мен баптист боламын”, – деген екен. Ал ауылдан келген бір бала лагерьдің үшінші күнінен бастап: “Құдайым, біздің ірі-ұсақ малдарымызды сақташы” деп жиі сиынатын болды.

Сонымен, қорыта айтсақ, лагерь – балаларға Құдай Сөзін жеткізетін ең тиімді демалыс орны. Жексенбілік мектепте жүрген баланы біз жақсы тани алмаймыз, ал бір апта бойы олармен бірге жүріп, бірге тұру – бізге оны жақын танып, достасуымызға, кемшіліктерін түзетуімізге көмектеседі. Бұл жерде Құдай балаларды Өз балаларындай тәрбиелейді. Ал соңғы күндері бірталайы тәубе алып, қайтар кезде лагерьді, тәрбиешілерді достарын қимай жылап қоштасады, олардың жүрегінде Құдай Сөзі дән болып егіледі.

Қымбатты бауырлар, ештен де кеш жақсы, балалармен қызметті бастаңыздар!

Бұлақ көрсен – көзін аш



Тазаламаса бұлақты лай басады. Сол сияқты әр баланың да сана-сезімін, ой-ниетін жастайынан тазартқанымыз абзал. Осы мақсатта балалармен қызмет ететін жексенбілік мектеп мұғалімі немесе тәрбиеші қандай болуы керек деген мәселеге тоқталайық. Тәрбиеші

әділ, үлгілі, рухани жағына көңіл бөлетін, рухани бай, мойынсұнғыш, Киелі кітап көзқарасымен қарайтын, балаларды сүйетін болуы тиіс.

- Баланы қай кезден бастап күнәкар деп айтуға болады?
- Тумысынан, – деп жауап берді семинарға қатысушылар.
- Олай болса, егер жап-жас бала қайтыс болса, қайда барады деп ойлайсыздар, жұмаққа ма, тозаққа ма?
- Жұмаққа, – деді зал бір ауыздан.
- Осы мәселеде жақсылап ойланғанымыз жөн. Марқа жазған Ізгі хабардың 10-тарауында былай делінген: “Балалардың Маған келуіне жол беріндер, оларға кедергі жасамаңдар! Құдай Патшалығы сондайлар үшін”. Бұл сөзінде Иса солар үшін деген жоқ, сондайлар үшін деді. Осы аятта балалар жұмаққа барады деп те айтылмаған. Ал Жохан 3:3-те: “Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдайдың Патшалығына кіре алмайды”, – делінген.

Бала әлі күнә жасай қойған жоқ десек, оған қиянат етеміз. Оларды тәрбиелеп, Құдайды сүйуге шақыру керек. Өйткені Иса балалар үшін де айқыш ағашта құрбан болған.

- Бала қай жаста тәубеге келуі керек? (Рима. Талдықорған)
- $2 \times 2 = 4$ дегенді әр бала әр жаста түсінеді. Әркімнің санасы әрқалай жетіледі. Сондықтан да бала өзінің күнәкар екенін сезінген кезде тәубе алуына болады. Біз сенушіміз, киеліміз, баламыз да киелі деуге болмайды. Бір мәсіхші әйелдің бес жасар баласы анасына келіп тәубе еткісі келетінін айтқанда, анасы оған рұқсат етпей, сен әлі кішкентайсың, үлкен болғанда кешірім сұрайсың деген. Бұл дұрыс емес. Жақсылап ойлансақ, балалардың да жаны қауіпте, олармен қызу іске кірісуді тежемейік.

Құдайға қызмет етуді қаласандар, ол батасын береді және сен ойлағаннан әлдеқайда моынан жарылқайды. Тек қалау керек. Балалармен қызметте біз қаламаған, бірақ Құдай қалаған адам аса пайдалы болады. Сондықтан да Құдай жіберген қызметшілер арқылы бұлақтың көзін тазалап, өзіміз де тұнық суы бар қайнарға айналайық.

- Құсайын ағай, бала тәрбиесі жайында сіздің ой-пікіріңіз қандай?
- Мен баланың тәрбиелі, білімді болғанын қалаймын. Сүлеймен патшаның Нақыл сөздерінде: “Білімнің бастауы – Тәңір Иені терең қастерлеп, Оған мойынсұну” делінген. Ендеше, еліміздің артеңі болар білімді ұрпақты тәрбиелегіміз келсе, оларға Құдайдың Сөзін жақсылап сіңіруіміз керек. Егер ашытқы салмаса, қамыр көтерілмейді. Ал ашытқы қосылған қамыр көтеріліп, асып-тасып көбейіп, ыдыстың ернеуінен асып сыртқа төгіледі. Құдайдың Сөзі де осы ашытқы іспетті. Егер ол балалардың жүрегіне жетсе, өзінің мол жемісін береді. Тарих беттеріне үңілсек, ерте кезде Шыңғысхан, Сталиндер адамдарды

тәрбиелеу үшін арпалысып, көнбегенінің өмірін найзаның ұшында аяқтады не оққа жықты. Сонда олар қатігездікпен тәрбиелеген болса, Құдайдың заңы сүйіспеншілікпен тәрбиелеуді үйретеді. Сондықтан да балаларға әрдайым сүйіспеншілік көрсетіп, шын жүректен қызмет еттейік!

Оқыту бағдарламасы не үшін керек?

Біз балаларға Зақай жайындағы әңгімені оқып, түсіндіреміз. Ал балалар әңгімені қызығып тыңдағанымен, онда айтылған негізгі ойды біле бермейді. Олар Зақайдың бойы қысқа болғанын, ол Исаны көру үшін ағаштың басына шыққанын, онан соң Иса оның үйінде қонақта болғанын жақсы біледі. Ал ары қарай ше? Осы жердегі ұстаздың міндеті – балаларға әңгіменің негізін түсіндіру болып табылады. Оқытушы бағдарламаға сай көп ізденіп, өтер сабағын алдын ала жоспарлауы тиіс. Яғни, оқыту бағдарламасы жоспарлау үшін керек.

Бала тәубе алуы үшін не істеу керек?

1. Бала Құдай Киелі кітап арқылы сөйлейтінін білуі керек.
2. Құдай бәрін жаратқанын ұғындыру және Ол бізден талап етуге құқықты екенін түсіндіру.
3. Құдайдың сүйіспеншілік екенін айту.
4. Құдайдың киелі екенін айтып, Ол тексіздікті қаламайтынын ескерту.
5. Күнә жайындағы шындықты айту.
6. Күнә іште өмір сүретінін түсіндіру.
7. Күнә істен көрінеді.

Иса жайындағы шындықты айту. Құдайдың: “Ол менің сүйікті Ұлым, Оны тындандар”, – дегенін түсіндіру, Исаның да адам болып туғанын, адамша қиналғанын, өлгенін, күнәні жеңіп қайта тірілгенін және жер бетіне тағы да қайтып оралатынын айтып, тәубеге шақыру.

Семинар барысында бұлардан өзге де уағыздар тыңдалып, мұғалімдер іс-тәжірибелерімен бөлісті. Сабақ арасында Киелі кітап ойындары ойналып, әндер айтылды. Жиылыстың соңына қарай Алматыға келген қонақтар “Медеуге” барып, Құдай жаратқан әсем табиғат аясын тамашалады. Жылылыстың соңы жастардың мадақтау әндерімен аяқталды.

Беттерді дайындаған Аяжан МҰХТАР

ТҰСАУДЫҢ

ЕКІ ТҮРІ

Оразгүл сіңлісінің бір жастағы қызының тұсауының кесілуіне қарағысы келмей, теріс бұрыла беріп, ауыр күрсініп қалды. Ас бөлмеге шешесіне көмектесу үшін кірген кезде, ол өзінің неліктен соншалық мұңайып жүргенін түсінбей, таңғалды. Бұл сәбидің алғашқы қадам басуына арналған қуанышты тойы емес пе? Әлде бұл сезімнің осы тұсау кесу дәстүріне қатысты бірдеңесі бар ма? Иә, талпынып өз бетінше қадам басып, жүре бастау да бостандықтың бір түрі ғой. Сәбиліктің бірінші сатысынан аттап, апыл-тапыл басып, жаңа өмірдің есігін ашқанда ерекше сезімге бөлейді. Сонда да Оразгүл өзінің туған шешесіне тартып тұратын белгісіз бір күшті сезінетін. Сірә, шешесінде оған осындай сезімдері болмаған сияқты. Әйтпесе, шешесі неге оны кішкене кезінде әжесінің қолына бере салған?

Оразгүл бірде қатты торығып, туған сіңлісіне өзінің ата-әжесінің оған туған ата-анасы сияқты, ал туған ата-анасының оған алыс туысқаны сияқты болып сезілетіні туралы мұңын шаққысы келді. Оның сіңлісі: «Саған не болған, Оразгүл? Әжеңнің қолында өскеніне қайта қуанбайсың ба! Қолыңда қалағаныңның бәрі болды ғой! Ұялмайсың ба?» – деп

ұрсысып шыға келді. Сөйтіп, оның бұл ойы да іске аспай қалды, өйткені бұл бір жағынан ата-баба дәстүрін аяқ асты еткендей көрінеді екен. Жарайды, шынында да бұл ұят шығар. Мұндай азапты жалғыз ол ғана көрген жоқ қой. Оразгүлдің әжесі де шешесінен жастайынан айырылып, жетім болып өсті. Әжесінің әкесі екінші рет үйленгеннен кейін оның екінші әйелі тек өз баларына ғана жылы жүзбен қарап, Оразгүлдің әжесіне өгейлік көрсеткен. Тіпті Оразгүлдің шешесі де тұрмысқа шықпай тұрып аяғы ауыр болып қалып, масқараға ұшырады. Бірақ абырой болғанда, әкесі оған Оразгүл дүниеге келмей тұрып үйленеді. Жиырма сегізге толса да әлі тұрмысқа шықпай жүрген Оразгүл: «Менің кімнен қай жерім кем? Неліктен менің өмірім осындай?» – деп мұңаятын.

Оразгүл түпкі бөлмедегі төсектің астына бұрынырақта өзі тығып қойған бір пакетті алып шықты. Ешкім көріп тұрған жоқ па деп, жан-жағына қорқақтай қарап, пакет ішінен матаға оралған өрілген қара бұрымды шығарды. Әрине бұл расында да оғаш нәрсе: өйткені әжесі қайтыс болар алдында қиылған бұрымын Оразгүлге берген. Оразгүл осы жуан бұрымды қолына алғанда жұбаныш табатын. Әжесі мұны былай деп айтып қалдырған еді: «Жастық шақтың қуанышын ғұмыр бойы сақтап жүру ниетпен мен осы бұрымды жас кезімнің бір күнінде кесіп қойып едім.



анымды болған
лін осы
адым.
белгісі
сен ала
рымды
жесінен
қалған
мділігін
да әжесі
н өзінің
келген-
қайтып
жақын
қарым-қатынаста бола алмайтын
суық, ызғарлы бір белгісіз
кедергіге кездесті. Осының бәрі,
әжесінен алған мейірімін ұмытуға
мәжбүрлегендей болды.
Оразгүлге жақын болып, жанына
жайлы сезілетін жалғыз жан
Оразгүлдің кіндік шешесі еді.
Оразгүлге кіндік шешесімен
арасында көзге көрінбей
байланыстырып тұратын бір
жақындық бар сияқты болып
көрінетін. Ол кіндік шешесіне
барып жүрегіндегі барлық жайды
жайып салатын, ал кіндік шешесі
болса, осының бәрін жақсы
түсінетіндей болып сезілетін.
Оның үстіне, ол Мәриям апайдың
жасаған бір ерлігіне қайран
қалды: сол кісі өзінің бала көтере
алмайтынын білгеннен кейін
жетімдер үйінен бір бала асырап
алған еді. Ауыл әйелдері бұл
ісін өсекке танып талай гүлетсе
де, ол өз дегенін істеп шықты.

Ал Рахия өзін асырап алған
шешесінің терең сүйіспеншілігіне
ие болған бақытты бала болып
өсіп келе жатты. Айта кететін
бір нәрсе, олардың Құдай жайлы
көзқарастары сәл оғаштау сияқты
болып көрінетін; олар Құдаймен
кездесіп көргендей Ол туралы кез
келген уақытта емін-еркін айта
беретін.

Той болып жатқан кезде Оразгүл
кенеттен далаға шыққысы келді.
Далаға шықса Мәриям апай
мен Рахия кетуге жиналып, үй
иелерімен қоштасып жатыр
екен. Оларды көре салысымен
Оразгүл де үйге қайта кіріп, сырт
киімін жүре киіп, әлгі бұрымды
қалтасына сұға салды да, жүгіре
басып далаға шықты. Сол бетінде
оларға жақындап: «Сіздерді
шығарып салайын», – деді.
Үшеуі қақпадан көшеге шықты.
«Басым айналып тұр, біраз таза
ауа жұтқаным дұрыс болар», – деп
түсіндірді Оразгүл.

«Бірдеңе болып қалды ма,
қызым?» – деп сұрады Мәриям
апай.

«Жоқ, жоқ, бәрі дұрыс. Бірақ,
шынымды айтсам, бірдеңе
болып тұр. Шіркін-ай, сізбен
бірге тұрсам ғой», – деп бір ауыр
күрсініп алды. Олардың барлығы
біразға дейін үнсіз келе жатты.
Тыныштықты Оразгүлдің мына
сөздері бұзды: «Сізге бір нәрсе
көрсетсем бола ма? Мен оны
әлі ешкімге көрсеткен емеспін,
мұным мүмкін сіздерге ерсілеу

болып көрінер деп ойлаймын», – деді. Қалтасынан бұрымды алып шығып ол былай деді: «Бұл менің әжемнің шашы. Осы бұрымды қолыма алсам, жүрегім тынышталғандай жай табады. Және сол кезде сіздің отбасыңыздағы жылылықты аңсай беремін. Неліктен сіздер сондайсыздар? Неге мен өз отбасымда осылай сезіне алмаймын? Әлде мен сондай төмен, кем адаммын ба? Менің осындай оғаш сұрақтарымды кешіріңіздер, әйткенмен де білгім келеді: Рахия, өзінің асырап алынғаныңды біле тұра, сен шешеңнің сүйіспеншілігін қалай қабылдай аласың, оны қалай сүйе аласың, өзіңді қалай еркін сезінесің? Мен өз туған шешеммен тұрсам да, одан ешқандай сүйіспеншілік сезіне алмаймын!»

Рахия мен оның шешесі бәрін түсінгендей бір-біріне қарады. Мәриям апай жылы дауыспен: «Осы тақырыпты үйге барып, талқылайық», – деді. Үйлеріне жетіп, жайғасқаннан кейін, Рахия шай құйып жатқанда Мәриям апай: «Ал енді сөйлесетін уақытымыз келді деп ойлаймын» – деді.

«Біздің ауылымыздағы адамдардың көбісі естімеген немесе сенбейтін бір нәрсе бар, сен сол нәрсені білуің керек. Біз сол нәрсеге сенгендіктен біз көп адамдарға жат немесе оғаш болып көрінеміз. Ол мынау:

Құдай сені өте қатты сүйеді, Ол Өзінің сүйіспеншілігін бізге Иса Мәсіх арқылы көрсетті. Киелі кітапта жазылғандай: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түсней, мәңгілік өмірге ие болды. (Жохан 3:16)

Сонымен қоса, Оразгүл, сен мынаны түсінуің керек: сенің жанын үшін көзге көрінбейтін рухани соғыс жүріп жатыр. Сен кімге үмітіңді артпақсың, Құдайға ма әлде шайтанға ма? Мен сенің отбасын туралы онша жақсы білмесем де мынаны байқап тұрмын: сенің әулетің ұрпақтан-ұрпаққа бұғауда болып келе жатыр. Бұл – жалғыздық яғни тастандылық пен ұят бұғауының көзге көрінбейтін тұсауы. Сенің шешең тұрмысқа шықпай тұрып саған жүкті болғанына бола ұятқа қалды. Ол сені әжеңнің қолына бере салғандықтан сен тастандылықты сезінгенесің. Осы рухани бұғаудың ұрпақтан-ұрпаққа созылып келе жатқанына тым ұзақ уақыт болды, өйткені сенің отбасыңды байлап тұрған осы зұлымдық рухани тұсауларды кесіп т

болды.
Л
ғана ем
бас тар
деген ө
Осы өті



Өзімнің кішкентай болғанымды және шешемнің көзі тірі болған кезді есімде сақтау үшін осы бұрымнан айырылмадым. Енді менің көзімнің бір белгісі ретінде осы бұрымды сен ала Ғой». Оразгүл осы бұрымды ақырын сипай отырып, әжесінен ғана өшпес із боп қалған сүйіспеншілік, мейірімділігін еске алды. Тоғыз жасында әжесі қайтыс болғаннан кейін өзінің туған отбасына қайтып келгенді. Өзінің туған отбасына қайтып келгенімен, олармен жақын қарым-қатынаста бола алмайтын суық, ызғарлы бір белгісіз кедергіге кездесті. Осының бәрі, әжесінен алған мейірімін ұмытуға мәжбүрленгендей болды.

Оразгүлге жақын болып, жанына жайлы сезілетін жалғыз жан Оразгүлдің кіндік шешесі еді. Оразгүлге кіндік шешесімен



ие болған бақытты бала болып өсіп келе жатты. Айта кететін бір нәрсе, олардың Құдай жайлы көзқарастары сәл оғаштау сияқты болып көрінетін; олар Құдаймен кездесіп көргендей Ол туралы кез келген уақытта емін-еркін айта беретін.

Той болып жатқан кезде Оразгүл кенеттен далаға шыққысы келді. Далаға шықса Мәриям апай мен Рахия кетуге жиналып, үй иелерімен қоштасып жатыр екен. Оларды көре салысымен Оразгүл де үйге қайта кіріп, сырт киімін жүре киіп, әлгі бұрымды қалтасына сұға салды да, жүгіре басып далаға шықты. Сол бетінде оларға жақындап: «Сіздерді шығарып салайын», – деді. Үшеуі қақпадан көшеге шықты. «Басым айналып тұр, біраз таза ауа жұтқаным дұрыс болар», – деп түсіндірді Оразгүл.

«Бірдеңе болып қалды ма, қызым?» – деп сұрады Мәриям апай.

«Жоқ, жоқ, бәрі дұрыс. Бірақ, шынымды айтсам, бірдеңе болып тұр. Шіркін-ай, сізбен бірге тұрсам Ғой», – деп бір ауыр күрсініп алды. Олардың барлығы дың біразға дейін үнсіз келе жатты. Тыныштықты Оразгүлдің мына сөздері бұзды: «Сізге бір нәрсе көрсетсем бола ма? Мен оны әлі ешкімге көрсеткен емеспін, мұным мүмкін сіздерге ерсілеу болып көрінер деп ойлаймын», – деді. Қалтасынан бұрымды алып шығып ол былай деді: «Бұл менің әжемнің шашы. Осы бұрымды

қолыма алсам, жүрегім тынышталғандай жай табады. Және сол кезде сіздің отбасыңыздағы жылылықты аңсай беремін. Неліктен сіздер сондайсыздар? Неге мен өз отбасымда осылай сезіне алмаймын? Әлде мен сондай төмен, кем адаммын ба? Менің осындай оғаш сұрақтарымды кешіріңіздер, әйткенмен де білгім келеді: Рахия, өзінің асырап алынғаныңды біле тұра, сен шешеңнің сүйіспеншілігін қалай қабылдай аласың, оны қалай сүйе аласың, өзіңді қалай еркін сезінесің? Мен өз туған шешеммен тұрсам да, одан ешқандай сүйіспеншілік сезіне алмаймын!»

Рахия мен оның шешесі бәрін түсінгендей бір-біріне қарады. Мәриям апай жылы дауыспен: «Осы тақырыпты үйге барып, талқылайық», – деді. Үйлеріне жетіп, жайғасқаннан кейін, Рахия шай құйып жатқанда Мәриям апай: «Ал енді сөйлесетін уақытымыз келді деп ойлаймын» – деді.

«Біздің ауылымыздағы адамдардың көбісі естімеген немесе сенбейтін бір нәрсе бар, сен сол нәрсені білуің керек. Біз сол нәрсеге сенгендіктен біз көп адамдарға жат немесе оғаш болып көрінеміз. Ол мынау: Құдай сені өте қатты сүйеді, Ол Өзінің сүйіспеншілігін бізге Иса Мәсіх арқылы көрсетті. Киелі кітапта жазылғандай: «Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түсней, мәңгілік өмірге ие болды. (Жохан 3:16)

Сонымен қоса, Оразгүл, сен мынаны түсінуің керек: сенің жанын үшін көзге көрінбейтін рухани соғыс жүріп жатыр. Сен кімге үмітіңді артпақсың, Құдайға ма әлде шайтанға ма? Мен сенің отбасын туралы онша жақсы білмесем де мынаны байқап тұрмын: сенің әулетің ұрпақтан-ұрпаққа бұғауда болып келе жатыр. Бұл – жалғыздық яғни тастандылық пен ұят бұғауының көзге көрінбейтін тұсауы. Сенің шешең тұрмысқа шықпай тұрып саған жүкті болғанына бола ұятқа қалды. Ол сені әжеңнің қолына бере салғандықтан сен тастандылықты сезінгенесің. Осы рухани бұғаудың ұрпақтан-ұрпаққа созылып келе жатқанына тым ұзақ уақыт болды, өйткені сенің отбасыңды байлап тұрған осы зұлымдық рухани тұсауларды кесіп тастайтын ешкім жоқ болды.

Шайтан сені «тек анаң ғана емес, тіпті Құдай да сенен бас тартып, сені тастап кетті» деген өтірігіне сендіргісі келеді. Осы өтірікке сене берсең, сенің жүрегің Құдайдың саған деген сүйіспеншілігін ешқашан сезіне алмайсың, сондай-ақ сен Оған ешқашан сене алмайтын боласың. Әженнің осы бұрымы Құдайдың сен үшін кім бола алатынның белгісі: Оның сүйіспеншілігі сені осы бұғаудан азат етіп, бостандыққа жеткізеді. Киелі кітапта: «Үш қабат өрілген арқан

оңайлықпен үзілмес», – деп жазылған (Уағыздаушы 4:12). Құдайдың осы сүйіспеншілік тұсауын сенің өміріңде Иса арқылы өріп, сенің болмысыңды толықтырып, саған Өзінің сүйіспеншілігін береді.

Рахия да қосылып, былай деді: «Менің де сен сияқты торыққан кездерім болды. Асырап алған анам шынайы сүйіспеншілік берсе де, туған анам мені тастап кеткен деген сезімнен арыла алмай жүрдім. Құдайға шүкір, анам асырап алса да басқа адамдардың көбісі түсіне алмайтын рухани жағдайларды түсінеалады. Біз тастандылықтың бұғауы үзілсін және Құдайдың сүйіспеншілігінің жаңа өмір арқаны өрілісін деп бірге мінажат еттік. Анам маған Құдайдың жүрегінің ниетін көрсетті: «Әке-шешем тастап кетсе де, Ием мені қабылдайды» (Забур жыр 26:10). Мен бұрын шын деп санаған мына ойға көзім жетіп, оны бар жүрегіммен қабылдадым: Құдай мені ошқашан жақсы қалдырған емес және қалдырмайды да, ол мені де Өзінің мәңгі шексіз сүйіспеншілігімен сүй

Оразгүл таңғалып, отырып қалды. Ол екеуінің алдында ашылғанын сезінді, өйткені жан жарасын, анық түсініп, біліп тұрды. «Мен сурталы терең ойлануым керек», – деді ақырғы ішіп болды да, кешірім өтініп, далаға шығып

Оразгүл үйіне бармады. Ол мал жай жүріп, бір талдың түбіне барып отырды. Ол мейірімді әрі жақын деп ойламапты, керісінше деп санайтын. Барлық нәрсенің негізі сонда қалай солай болса, Оразгүл Ол жайында мүлдем бақыткерек емес пе? Оның үстіне, ол мұсылман болса Құдайдың Ұлы деп санау Құдайды қорлау болса көрінетін. Алайда, оның естігенінің бәрі шын болуы мүмкін бе?

Оразгүлдің ойлары бытысып, бір-бірімен араласып кетті. Неліктен екені белгісіз, оның ойына үйін күзететін қабаған ит түсіп кетті. Осы ит сондай қабаған болатын, сондықтан оны қысқа шынжырға байлап ұстайтын. Ол бір рет байлаудан босап кетіп, оны ұстап, қайта байлағанша көшедегі адамдарды шошытып, зәресін алды. Иттің үнемі байлаулы тұрыуы аянышты-ақ, дүниедегі ең сорлы сол сияқты. Содан кейін Оразгүлдің есіне өзінің күшігі түсті – туған ана-анасының үйіне қайтқан сол көңілсіз жылы оның осы сүйікті күшігі оған жұбаныш болатын. Ол оны арқанмен жетектеп, қыдыртатын. Екеуі бірге көңілдене ойнайтын. Бір күні Оразгүл оның ұясының есігін жабуды ұмытып кеткенде, ол жоғалып кетті. Бір аптадан кейін арықтың жағасында өліп жатқан жерінен табылды. Оразгүлдің бір реткі абайсыздығынан ол аман қалмады.



Кенеттен оған бәрі де түсінікті бола бастады. Біз кейбір нәрселерге жақсы жолмен де, жаман жолмен де байланамыз. Бізді жамандыққа да, жақсылыққа байлайтын бұғаулар бар. Оразгүл барлық жамандық атаулыдан азат болуды қалады. Ол Құдайды білгісі келді. Бұрын естүі бойынша қатал әрі алыс Құдайды емес, Мәриям апай мен Рахия табынатын Құдайды белгісі келді, өйткені сол Құдайдың рухани Ұлы Иса азаттыққа жол ашып берді. Оразгүл қолындағы бұрымға тесіле қарап отыра берді. Осы кезде ол жүрегінде бірінші рет Құдайдың даусын естіді: «Оразгүл, осы бұрымның саған енді қажеті жоқ. Дәл осы сәтте мен сенің өміріңдегі тастандылық сезімі мен ұяттың бұғауларын үзіп, сені Өзіме сүйіспеншілік тұсауымен мәңгіге байлаймын. Мен сен үшін барлық нәрсе боламын. Мен сені ешқашан тастап кетпеймін. Мен сенің есіміңді Өзімнің алақаныма жазып қойдым».

Оразгүл ағаштың түбінде қанша уақыт отырғанын білген жоқ. Кенет ол талай уақыт өтіп кеткенін түсінді. Сонда да оның үйге қайтуға зауқы соқпады. Оған біріншіден Мәриям-апайға бару керек болды. Оразгүл кіндік шешесінің үйіне жүгіріп кіріп, былай деді: «Апай, мен үйге кетіп бара жатқан кезде бір қызық нәрсе болды. Мен Құдайдан аян алдым ғой деймін!».

«Не болғанын айта ғой, балам», – деді кіндік шешесі. Оразгүл әңгімесін айтып берген кезде, Мәриям-апай жымиып, сөреден бір тозыңқыраған кітапты алып, оны ашып, былай деді: «Мына сөздер саған таныс па, қарағым? Әлде әйел өз сәбиін ұмыта ала ма, құрсағынан шыққан ұлын аямай ма?! Анасы ұмытып кеткен күнде де Мен сені ешқашан ұмытпаймын! Есіміңді алақаныма ойып жазып алдым, қамалдарың әрдайым көз алдымда!(49:15-16) Құдайдың осы сөздері шынымен саған қатысты!».

Оразгүл зор қуанышты әрі сезімге кенеліп, жүрегіне симай кеткендей оның аузынан мінажат сөздері шыға бастады. Әкесінің құшағына енгісі келген баладай қолын жайып жіберіп, мінажат ете бастады: «Уа, Құдайым, мен Өзіңнің рухани Ұлың Иса арқылы Сенің сүйіспеншілігіңе кенелгім келеді. Сенімен қарым-қатынаста тұру деген мәңгілік азат болу дегенді білдіреді, осыған көзім жетіп тұр.

Мен бұғауды ұстап тұрған тұсауларды үзіп тастап, мені Өзіңнің құшағыңа алшы. Мен өзімді мәңгілікке Сенің қолыңа тапсырамын».

БАУЫРЛАРҒА

Әй, адамзат, сен бүгін
Тәубе еттің Құдайға,
Жүз бұрған соң күнәдан,
Тағы күнә істесең,
Құдайға бұл ұнай ма?

Күнә, жаман істерден
Жүзінді сен бұрыпсың.
Күнеларыңды мойындап,
Кешірім сұрап тұрыпсың!

Сүйгендіктен Құдайым,
Иса сені кешірді.
Құтқарып сені өлімнен,
Өмір суын ішірді.

Өлімнен қайта тірілтіп,
Жаңа өмір берді Ол.
Хуждан, Ийман, Инсап болып,
Өміріңе келді Ол.

Киелі рухыменен
Тазалады ожданыңды.
«Өмір» кітабына да
Жазып қойды атыңды.

«Адасқан ұл», Әкеңнің,
Қош келіпсің үйіне.
Назар салшы өзіңнің,
Әкесіз жүрген күніңе.

Қай жерлерде жүрдің сен?
Не істерді көрдің сен?
Құдайсыз сен жүргенде,
Қандай халде болдың сен?

Құшағында Әкеңнің,
Ұмыт болды-ау барлығы.
Куәлік ет өміріңнен,
Үнсіз тұрма, бұл несі?!




«Жаңа адам» болғаныңды,
Көрсін дүние халықтары!
Құдай мейірін алғаныңды,
Көрсін Адам балалары!


Туылған соң жаңадан,
Қасиетте атыңды,
Мирасқоры Құдайдың,
Былғама, киелі затыңды!

Сөздеріңе ісің сай,
Түзу болсын ойларың.
Разы болсын Әкең Құдай,
Көріп адал қойларын.


Өзімшілдік етіп сен,
Тіл тигізбе Құдайға.
Жаман жолға кетіп сен,
Дақ түсірме Құдайға.

Жүріс-тұрыс, мінез-құлқың
Құдай атын даңқтасын.
Көрсет сен Исаның нұрын,
Басқалар да үлгі алсын.





Өкпелеме досыңа,
Өсек айтпа қоңсыңа.
Ақиқат сөзді айтарда,
Тығылып алма қосыңа.




Дашан өтірік айтпа,
Өтіріктің әкесі – шайтан.
Өтірік айтсаң Құдайға,
Қарсы боларсың қайтадан.

Сұқтанба кісі затына,
Қызғанба абырой-атына.
Өткінші затқа қызығып,
Алмаспа асыл тәжіңе.

Айырылма өмір тағынан,
Құдайдың берген бақытынан.
Лайықты өмір сүр,
Мәсіхші деген атыңа.

Сабыр ет келсе бейнет,
Шүкір ет келсе зейнет.
Кешірім ет болса күнә,
Тиме ешбір жан зейніне.



Тізбегін жіпке ине,
Кеңдік бер тар пейліңе.
Құрт болып біреудің мийине,
Жүк артпа өзге ийніне.

Бұзық істен тартқын басың,
Атпа біреуге ашу тасын.
Ашқа жегіз болса асың,
Жетімнің сүрткін көз жасын.

Шайтанға берсең еркінді,

Жарылқауыңды ұрлайды.
Ұмытпау үшін Құдайды,
Сиынып жүргін ұдайы.

Қыл жақсы әрі сауап іс,
Сен менмендік атынан түс.
Әлсіздерге көрсетпе күш,
Басшыларға қайрама тіс.

Пара берме, алма пара,
Пайызға берме пұл да.
Мұқтаж болса бер қайырға,
Пайда көздеп сен тонама.

Кімдер іс қылса жаман,
Қайтармағын жаман жауап.
Дұшпан болып келсе саған,
Мейірім көрсет, істе сауап.

Қаралама ешбір жанды,
Сен де үкімделмейсің.
Кешір күнә іс қылғанды,
Сонда сен де кешірілесің.


Жасы үлкенге ізет-құрмет,
Жасы кішіге қамқорлық ет.
Құдай сені қалай сүйсе,
Сен де солай мейірім көрсет.

Аузыңнан шықпасын қарғыс,
Тіліңнен түспесін алғыс.
Міндет қылма етсең қайыр,
Құдай үшін істе қалыс.

Сандар бар да, жоқ сапа да,



Жақында қайта тірілу мейрамы. Адамын дайындалуда. Бәрі бір нәрсемен айналысуда. Біздің сарайымыз Иерусалимге кетіп бара шығушылы, орталық көшенің бірінде орналасқан. Бірақ адамдар дәл біздің қасымыздан өтеді. Маған әлдебір болады. Менің армандауға уақытым бар. Мен ойлап, ойымджа көз алдыма жұмыстарды елестетіп егіс даласынан астық таситын “жүк тасығыш” есек салт мінезін ұсынамын, онда тіпті тағы да қала жасауға. Бәріне мен басқа да барлық есектермен жасауға тырысып, бидай тартқызармын. Бірақ мен қалайда ере...



Баяулықты есек

Мә, бұл тек арман ғана... адамдар екен? Оларға менен не керек? Бұлар мүлдем бізді білмейді. Оларды бұрын көрген емеспін. Олар мені алып кетіп, бізге қамқорлық жасамайды. “Амектесіңдер!” қатты шыққан дауысыммен ағаш. Бірақ бізге қамқорлық жасамайтын қожайынымды оятып алдым: “Ей, есегімді бізге қамқорлық жасамаймын рұқсат етті?” Ер адамдар енді мені жібереді, бірақ бізге қамқорлық жасамайды: олар мені ақырындап өздеріне тартты. “Құдайға, не үшін қажет болдым екен?” - деді. Қай ер адамдардың артында жүріп бара жатып қоямын, бірақ бізге қамқорлық жасамайды. Олар басымда шатасып жээтты.

Ауылдың шетінде топ жолаукшылар тұрса керек. Мені солардың біріне бероді. “Міне, жас есек. Бәрі де сен айтқандай болды, Тәңірім”. Осылай, енді ол Құдай. Қызық, Оған менен не кереек екен? Оның достары үстіндегі киімдерін шешіп, оны менің арқама жауып жатыр. Түсінікті мен киімдерді апаруыма тура келеді. Бірақ мынау не? Менің арқама Құдай отырып жатыр! Бұл маған үйреншікті емес, бірақ мен тәртіпті болып тұрмын. Біреуі мені жібімнен тартты да, мен орнымнан қозғала бастадым. Бірақ мен шұаңды жолмен жүріп келемін, ал оның үстінде киімдер мен пальма ағашының жапырақтары төселген. Бұларды адамдар төсеп жатыр. Топ адамдар барған сайын көбеюде. Олар былайша қатты дауыстауда: “Дәуіттің Ұлы жасасын! Құдайдың есімі мәңгі мадақталсын!”

Үстімде отырған Адамды мен ақырындап жүргізіп келемін. Кенет мен, ақылсыз есек: бұл Патша ғой деп ойланып келемін. Ұрпатаң-ұрпаққа ауысып, бәрі көптен бері күткен Құдайдың Ұлын мен алып келе жатырмын. Құдайдың айтқан Сөдерінің бәрі де, тіпті мен, есек туралы айтқаны да орындалды. Оның адамдарға берген пайғамбарлық Сөздерін тарату үшін мен Оған қажетпін. Мен, есек, Оның адамдарды құтқаруға деген жоспарын іске асыратын кішкене бөлшекпін. Мен Ұлы Құдайға қызмет етемін! Құдайға қызмет ету үшін асқан ақыл немесе үлкен өмір тәжірибесі керек емес. Мен қуаныштан секіргімкеледі! Бірақ, тоқта! Абайла: мен Құдайдың жүгін көтеріп келемін! Мен – бақытты есекпін!

Юта ГЕОРГ

Есек туралы жайтты Матай жазған Ізгі хабардың 21-тарауынан оқи аласың. Ал Исаның Иерусалимге есекпен келетіні жайында бұдан 500 жыл бұрын Зақария пайғамбар айтып кеткен болатын. (Зақария 9:9).



Ақсақ ит

- Сенің итің бар екен. Ол неге ақсап қалған? Иттер талап кеткен бе?
- Жоқ, байқұс итім менің кесірімнен ақсап қалды.
- Оған не істеп едің?
- Өмірде біреудің жіберген қателерін ести жүру керек екен. Маған ыңғайсыз болса да, болған оқиғаны айтып берейін.

Мұрда жүргенде ішімдікке салындым. Тапқан табысымды араққа жұмсағаннан басқа бітілерім жоқ болды. Үй ішім мен бала-шағамды ойлаған да емеспін. Табысыма арақ ішкенім аз болғандай, үйіме мас болып келіп, балаларымды жылатып, әйелімді сабадым. Байқұс итім бұл қылығымды жақтырмағандай, соңымнан еріп қақпаға дейін барды да, маған ала көзімен қарап жатып қалды. мұны көрген достарым итімнің қылығын айтып қалжыңдап қойды. Мен бұған шыдамай, итімді тепкілеп, қуалап жібердім. Бір күні әдеттегімше достарыммен арақ ішіп отырғам. Кенет есік шалқайып ашылып, Таймас атырылып кіріп келді де, бір үзім нанды тістеп алып, жүгіріп шықты. Оған ашуым келіп, артынан жүгіріп шықтым да, қолыма түскен таспен ұрып жібердім. Таймас қыңсылап жіберді, бірақ тоқтаған жоқ. Қызу болатынмын. Ашуланған бойымша Таймастың ізінен құдым. келсем, жаңағы ит тістеп әкелген нанды әйелім, балаларым таласып жеп жатыр! Таймас болса риза болып оларға қарайды да, жарақаттанған аяғын жалап жатыр. — Сапардың көзі шарасынан шығып, үні қарлыға түсті. Жас балаша солқылдап жылап, сөзін түйіндеді: — Жүрегім қысылып кетті. Басымнан біреу шелекпен суық су құйғандай болдым. Арым шыдатпай, кірерге жер таппай қалдым. Өмірімді өзгерткім келді.

Замандас! Біз өмірімізде көптеген қателерді жібереміз. Олардың кейбірін естігенде, Сапар сияқты кірерге жер таппай, ішің ашиды. Санап отырсақ, күнәларымыз қаншама. Бірақ сол күнәларымызбен Құдайдың алдына баратынымыз жайында ойланбасақ, түбі жоқ мәңгілік тозақ күтері анық. Бұл өмірде сол күнәлардан арылып, Исадан, жалғыз Құтқарушы Исадан кешірім алып қалу мүмкіндігіңзді өткеріп алмаңыз. Адам қашан өлерін білмейді. Демек, бүгін кешірім сұрағаныңыз абзал.



“Мен “қақпамын”,
Менен кіргендер құтқарылады”,

*Жаратқан Ие –
жартастай
берік қорғаным,
Мені қауіп-қатерден
құтқарушым,
Құдайым –
сенім артқан
шың-құзым,
Қалқандай
қорғаушым,
мықты
құтқарушым,
Лайым
биік таудағыдай
баспанам!*

Забур 17:3